



«Бекітемін»

«Ақмола облысының Білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп - лицейі»
М.У.Директордың м.а.
Каренова А.С.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарты

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп -лицейі» КММ**

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарты Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10 бапты орындау мақсатында әзірленген және «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп - лицейі» КММ мемлекеттік мекеменің қызмет салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін ұсынады (әрі қарай мектептің қызметкерлері және педагогтер);
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың дамуына жол бермеу, білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың білінуіне нөлдік төзімділік және құқықтық сауаттылықты арттыру.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарттың міндеттері:
 - педагогтер мен мектеп қызметкерлерінің өз құқықтарын және міндеттерін орындау кезінде жауапкершілігінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске төзімді тәртібінің қалыптасуы;
 - сыбайлас жемқорлықтың көрінісін анықтау және олардың жағымсыз салдарын алдын-алу;
 - білім беру ұйымының өнімділігін жақсарту.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандартты орындау және қолдану:
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымының өз функцияларын орындау және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру жөніндегі қызметінде қолданылады
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт педагогтер мен білім беру қызметкерлерімен орындауына міндетті.
 - Педагогтар мен білім беру ұйымының қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына дербес жауапты болады.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағы негізінде өзгертіледі.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарт педагогтар мен білім беру ұйымының қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттерін анықтайды, қызмет саласына қарай белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған.
7. Қоғаммен байланыс саласындағы сыбайлас жемқорлық фактілері жағдайында білім беру ұйымы педагогтары мен қызметкерлерінің іс-әрекеті;

- егер мұғалімде немесе ұйым қызметкерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату үшін қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін білім беру ұйымының басшылығына және уәкілетті мемлекеттік органдар жазбаша түрде дереу хабарлауға;
- өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, қызметтік этика нормаларын бұзу және мемлекеттік ұйымның беделін түсіретін тәртіптік терлікшілік туралы, кез келген адамдардың оларға шағым жасау фактілері туралы тікелей басшының назарына дереу жеткізуге; пайда болған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, қызметтік міндеттерін орындаудағы жеке мүдделері туралы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және сыйлықтар алуға итермелеу.

8. Педагогтар мен білім беру ұйымы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылауды Әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асырады. Білім беру ұйымының педагогтары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтамаған жағдайда білім беру ұйымының басшысы әлеп жөніндегі уәкілге (білім бөлімінің басшысы) хабарлайды.

9. Қоғамдық қатынастар саласының атауы:

9.1. Тағымдар, шектеулер және рұқсаттар:

- қаржылық қызметтің бухгалтерлік есебін жүргізу, білім беру ұйымының материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді және ұтымды пайдаланылуын бақылау;
- қаржыландыру жоспары шеңберінде банктік, қасалық операциялар мен есеп айырысулардың есебін жүргізу;
- түскен негізгі құралдардың, олардың қиманысының есебін жүргізу;
- қызметтер көрсететін ұйымдармен төлемдерді салыстыру жұмыстарын жүргізу;
- білім беру ұйымының басшысымен бірге банкілік құжаттар мен тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттарын қабылдау және беру үшін негіз болатын құжаттарға, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерге қол қоюға;
- тиісті органдарға шоғырландырылған қаржылық есептілікті уақытында дайындау және ұсыну (бюджеттік есеп, қаржылық есеп және т.б.);
- білім беру ұйымының қаржылық қызметіне экономикалық талдау жүргізу; қаражаттардың резервтерін анықтау мақсатында бухгалтерлік есеп және есеп беру деректері бойынша;
- штаттық, қаржылық және қасалық тәртіптің мүлтіксіз сақталуын, қаржыландыру жоспарларының орындалуын, есеп құжаттарының сақталуын, ресімделуін және белгіленген тәртіпте мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз ету;
- заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) конкурс тәсілімен (сатып алу рәсімдерінің өзге де түрлері) сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты бақылауды жүзеге асыру;
- түскен негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың есебін жүргізу, сонымен қатар олардың қоналысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есепте уақтылы көрсету. Амортизацияны есептеуді орындайды.
- бухгалтерлік есепті заңнамала белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;
- материалдық құндылықтарға түгендеу жүргізу және тиісті құжаттамамен жүргізу;
- осы міндетті орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылатын, өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істерді білім беру ұйымының басшысына, білім бөлімінің басшысына немесе құқық қорғау органдарының назарына жеткізу;
- ішкі еңбек тәртібін сақтауға.

10. Педагогтар мен білім беру ұйымы қызметкерлері міндетті:

- мемлекет мүдделеріне зиян келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне келергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін әрекеттерге қарсы тұруға;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде қарау, мәселелер бойынша қажетті шаралар қабылдау;
- жекелеген міндеттерді орындау тәртібін рәсімдейтін нормативтік құқықтық актілерде сәйкессіздік ашықталған жағдайда дереу уәкілетті органға жазбаша хабарлауға;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;
- өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау;
- мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда заңға сәйкес оларды жою шараларын қабылдау;
- өздеріне берілген құқықтар шегінде және қызметтік міндеттеріне сәйкес өкілеттілерді жүзеге асыру;

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың әсерлесіп аумағын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде білім беру ұйымының педагогы мен қызметкері міндетті:

- заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мұлтіксіз сақтауға;
- мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігін болдырмау үшін шаралар қабылдау;
- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;
- жеке мүлдік және мүлдік емес игіліктер алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбау;
- жоғары кәсіби жұмысқа бар күш-жігерін салу, міндеттерді шешудің өз жақын, үнемі және басқа да сауатты жолдарын қолдану;
- қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызметтік бабын асыра пайдалануға, негізсіз бюрократия мен қағазбастылық көріністеріне, сондай-ақ дерскілік пен бейтараптық көріністеріне жол бермеу;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
- әріптестерімен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауды қолдау және талпау ету.

12. Білім беру ұйымының педагогтары мен қызметкерлері өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- кәсіби (қызметтік) этикасын сақтау;
- білім беру ұйымының басшысы, білім беру бөлімінің басшысын, уәкілетті мемлекеттік органдарды оны басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтар жасауға итермелеген жағдайлары туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

- Еңбек тәртібін қатаң сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді басқаруға қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және тиімді орындауға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға
- қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- әріптестерге және басшыға олардың бейтарап ресми шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін қарым-қатынастық белгіленген тәртібін бұзатын етіпшілерді жасамау.

13. Өмір сүру сферасының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын басқа қатынастарда:

- әріптестер мен азаматтарға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетті қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
- қызметтік міндеттерін орындау барысында тек объективті және сенімді ақпаратты басшылыққа алу;
- мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;
- ұжымда іскерлік қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал ету;
- заңда тәртіптік, әкімшілік жауапкершілік көзделген теріс қылық және басқа да құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- іскерлік этикет пен қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтауға;
- инспекциялық қызметті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы жалпы ережелерді қатаң сақтауға
- білім беру ұйымының басшысына, білім бөлімінің басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлауға.

14. Білім беру ұйымының осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтамаған жағдайда білім беру ұйымының педагогтары мен қызметкерлері жазасы тәртіптік жауапкершілікті көздейтін дербес жауапкершілікте болады.